

«8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттары және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген бағдарламасына, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің мүдделерін, қоғамның сұраныстарын және медиа саласының даму үдерістерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау туралы тапсырмасына сәйкес, 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII Қазақстан Республикасының Масс медиа заңында бекітілген талаптарды іске асыру бағытына сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Ізденуші Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының зерттеу жұмысы салалық терминология мен аударма ісі ғылымы салаларына елеулі үлес қосады және жұмыста зерттеудің маңыздылығы толық ашылған. Ізденуші тележурналистика терминдерін Қазақстан ғылымында алғаш рет пәнаралық байланыста зерттеді, аталған зерттеуде аударматану, салалық терминология, терминография салалары ақпараттық технологиялар тоғысында зерттеген. Ізденуші қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласының (www.qaztvttermin.kz) онлайн сөздігін жасаған. Салалық бағыттағы электрондық сөздік интернет кеңістіктегі қазақ тіліндегі сапалы әрі сауатты контент жасауға зор септігін тигізеді. Әрі онлайн сөздік жұмысы мемлекеттік тілдегі салааралық терминологияның дамуына едәуір пайдасы болары анық. Отандық телевизиялық журналистика сөздігі күнделікті өмірде, медиа саласында, техника мен технология терминдерінің бірізділігін қалыптастыруға әсер етеді, сондай-ақ сала мамандарының басын қосатын кәсіби платформа қызметін де қоса атқарады. Сонымен</p>
----	------------------------	---	---

			қатар аталған сөздік алпыс жылдан астам тарихы бар телевизия саласына қатысты зерттеу жұмыстары, танымдық-ақпараттық материалдар, лингвистикалық еңбектер, телеарна «тіліне» қатысты емле ережелері, масс-медиаға қатысты шешімдер және т.б. қамтылатын электрондық ресурс ретінде қызмет етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ізденушінің өзі жазу деңгейі жоғары, ғылыми жазу стилін меңгерген. Өзінің жеке пайымдаулары арқылы ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алды. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары - ізденушінің жариялаған жұмыстарының жеке үлесі болып табылады.
		<u>1) жоғары;</u>	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен негізделген. Қазақ тележурналистикасының тарихы 60 жылдан асса да, оның терминдері бұған дейін арнайы лингвистикалық зерттеуге түспеген. Сонымен қатар қазіргі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес терминдердің электрондық дерекқорларын жасау - терминология саласындағы өзекті мәселелердің бірі.
		<u>1) негізделген;</u>	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Тележурналистика терминдері зерттеудің тақырыбында да, мазмұнында да жан-жақты талданған.	
	1) <u>айқындайды;</u>		
	2) ішінара айқындайды;		
	3) айқындамайды.		
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:		Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді, зерттеу жұмысында нақты тұжырымдалған және зерттеу барысында ізденуші қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.
	1) <u>сәйкес келеді;</u>		
	2) ішінара сәйкес келеді;		
	3) сәйкес келмейді.		
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:		Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында ізденуші аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.
	1) <u>толық байланысқан;</u>		
	2) ішінара байланысқан;		
	3) байланыс жоқ.		
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:		Зерттеу жұмысында ізденушінің өзіндік көзқарастары, сыни талдаулары анық байқалады. Жұмыста ұсынылған әрбір тұжырым бұрыннан белгілі
	1) <u>сыни талдау бар;</u>		
	2) талдау ішінара жүргізілген;		

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	тұжырымдармен салыстырыла отырып жасалған.
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 7 ғылыми еңбек жарияланған, оның біреуі Скопус халықаралық деректер базасында индекстелетін журналда жарияланған. Ізденуші Ш. Шаяхметов атындағы Тіл - Қазына практикалық орталығының Терминология және ономастика бөлімдерімен, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімімен ұдайы ғылыми байланыста болып, семинарлар мен ғылыми конференцияларда өз пікірімен бөлісіп отырды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
			Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа. 1. Қазақ тележурналистика саласының терминологиясының лексикалық қоры, негізінен, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер көмегімен жасалған сөздер және кірме сөздердің есебінен толығып отыратындығы дәлелденген (15-30 бб.). 2. Зерттеу жұмысында қарастырылған 1000 жуық

			<p>терминдердің морфологиялық қалыптасқан саналады. Ізденуші осы мәліметтерге сүйене отырып, терминдердің пайда болуына морфологиялық-синтетикалық тәсілінің үлесі зор деп қорытынды жасайды. Синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің үлесі – 22,6%-ын құраса, кірме сөздердің пайыздық көрсеткіші 50,7%-ын құрайтыны дәлелденген (56-88 бб.).</p> <p>3. Халықаралық терминдер, шет тілден ұлт тілінің заңдылықтарына икемделген немесе калька тәсілі арқылы жасалған тілдік бірліктер терминологиялық қорды байытудың бір үлгісі ретінде танылған, дегенмен ізденуші кәсіби сала терминдерін қалыптастыруда ең алдымен төл тілдің лексикалық байлығын барынша сарқа пайдаланудың маңызын көрсетіп, осы пікірін зерттеуде дәлелдеген (42-55 бб.).</p> <p>4. Қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика терминдеріне негізделген электрондық сөздік әзірленген, аталған электрондық платформаның маңыздылығы дәлелденген (89-99 бб.).</p>
--	--	--	---

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Ізденуші қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласының (www.qaztvtermin.kz) онлайн сөздігін жасаған. Онлайн сөздік жасау барысында интернет платформасын тиімді пайдаланған. Онлайн сөздік «CMS Wordpress» жүйесінде 1host.kz хостингі негізінде жасалған, сонымен қатар «Theme my login», «Polylang», «LocoTranslate» қосымша плагиндері қамтамасыз етеді. Электрондық ресурстағы тиісті ақпараттарды сақтау, жинау және өңдеу үшін «MySQL» және «phpMyAdmin» дерекқоры қолданылған. Сайт мәліметтері кросс-платформалы түрде әзірленген, кез келген компьютерлік және мобильді браузерлерде ашық, қолжетімді әрі еркін түрде пайдалануға мүмкіндік береді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерінен туындайды. Терминологиялық сөздіктер мен termincom.kz бірыңғай</p>

			республикалық терминологиялық электрондық базасына енген терминдердің ішіндегі 1000-ға жуық тележурналистика терминдеріне жан-жақты талдау жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:</p> <p>Бірінші тұжырым тележурналистика саласының терминдер жүйесі аталған сала мамандарының кәсіби ойлауы мен кәсіби іс-әрекеттерінің нәтижесі екені және тілшілердің кәсіби қызметінің күрделілігі мен көпәспектiлігіне байланысты сөйлеу коммуникациясы формаларының айтарлықтай өзгеріштік сипаты болатыны сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген;</p> <p>Екінші тұжырым бойынша тележурналистика саласында қолданылатын қазақ терминдері мен орыс тілінен енген терминдер сандық және сапалық жағынан ерекшеленетіні, төл терминдердің қолданыс жиілігінің басымдығы тәжірибе арқылы зерттеліп, сала мамандарының жұмыс барысында орыс не ағылшын тіліндегі терминдерді, оралымдарды,</p>

		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>тіркестерді қолдану көрсеткіші бірте-бірте «қазақылану» үдерісі жүріп жатқаны дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген;</p> <p><u>Үшінші тұжырым</u> бойынша телевизия табиғатынан туындайтын қазақ тележурналистикасының терминдер жүйесінің басқа салалық терминдерден айтарлықтай айырмашылықтары бар екені, қазақ тележурналистика саласы терминологиясының лексикалық қоры, негізінен, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер көмегімен жасалған сөздер және кірме сөздердің есебінен толығып отырғаны, зерттеу жұмысында қарастырылған 1000 жуық терминдердің 26,2%-ы морфологиялық әдіспен қалыптасқан терминдер екені, синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің үлесі – 22,6%-ды құрайтыны, кірме сөздердің пайыздық көрсеткіші 50,7%-ды құрайтыны дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген;</p> <p><u>Төртінші тұжырым</u> бойынша қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz»</p>
--	--	---	--

			электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіні, орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болатыны, бұл қазақ тіліндегі қосымшалардың терминжасамдық ерекшеліктеріне байланысты екені дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдістемесін таңдау сапалы түрде негізделген, қолданылған зерттеу әдістері жұмыстың кіріспе бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу барысында жалпылингвистикалық әдістермен қатар, аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық калькалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сауалнама әдісі, компоненттік талдау әдісі, дефинициялық әдістер тиімді қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Қазақ тележурналистика терминологиясының онлайн сөздігі «CMS Wordpress» жүйесінде 1host.kz хостингі негізінде жасалған. Зерттеу барысында алынған сауалнама https://docs.google.com/forms онлайн-сервисінде ұйымдастырылған.
	1) <u>ия;</u>	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Ізденуші өз зерттеуінің теориялық және практикалық нәтижелерін халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, семинарлар мен вебинарларда ұдайы жариялап отырады. Қазақ телеарналарында тілшілердің орыс тіліне басымдық беретін себептерін анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілген, нәтижелері талданып, тұжырымдар жасалған.
	1) <u>ия;</u>	
	2) жоқ.	

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы маңызды теориялық тұжырымдар ғылыми талқылауға ие, нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалып расталған. Жұмыс тележурналистика терминдерін зерттеуге арналғандықтан, оның теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, А. Мамытұлы, Т. Шонанұлы, Н. Төреқұлов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Қ. Шәріпов, І. Жарылғапов, Ә. Қайдар, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ә. Айтбайұлы, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, Б. Момынова, С. Әлімжан, С. Исақова, Е. Әбдірәсілов, Қ. Айдарбек, Б. Жонкешов, А. Мұсағұлова және т.б. ғалымдар еңбектері назарға алынған және сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік авторларды, онлайн сөздік құрастыруға арналған сөздіктерді, электрондық дереккөздерді қосқанда 229 әдебиет көзі пайдаланылған және барлығына сілтеме жасалған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар жалпы тіл білімі, терминология, салалық</p>

			терминология және терминография салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне маңызды және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің зерттелуіне зор үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы болып табылатын тележурналистика саласының мамандарына арнап жасалған электрондық платформа тек қана тілшілерге ғана емес, аудармашыларға, терминолог мамандарға, жас зерттеушілерге таптырмас цифрлық құрал болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеудегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс деп есептейміз.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары, жұмыс диссертацияларды ресімдеуге қойылатын талаптарға сай орындалған. Зерттеу жұмысында келтірілген анықтамалар, қосымшалар талапқа сай жүйелі
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			ресімделген. Зерттеу жұмысы дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек. Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының зерттеу жұмысы салалық терминологияның дамуы мен бірізденуіне өзіндік үлес қосатын еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Зерттеудің негізгі нәтижесі ретінде ұсынылған «QAZTVTERMIN.KZ» платформасы толықтыруды, жетілдіруді талап етеді. 2. Диссертациядағы кейбір тараушалардың (1.2; 1.3; 1.4; 3.1) бет саны үштен аспайды, басқа тараушалар 9, 13 беттен тұрады. Ізденуші ғылыми жұмыстың мазмұнын ашуда тараушалардың бет санының шамалас болуына назар аударуы тиіс.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	-	-
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызын ескере отырып, оған философия докторы (PhD) немесе

			бейіні бойынша доктор дәрежесі берілсін.
--	--	--	--

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Филология ғылымдарының докторы, профессор,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

31.10.2024.



Исакова Сабира Сағынбековна